

Мемлекеттік мүлікті мүліктік жалдаудың (жалға берудің) шарты

№ 2 шарты

Жүргенов ауылы

«14» сәуірін 2025 ж

Бұдан әрі «Жалға беруші» деп аталатын, «Ақтөбе облысының білім басқармасы, «Әйтеке би ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің Ереже негізінде әрекет ететін, басшысы Биртаева Саулеш Бахитжановна арқылы бір тараптан және бұдан әрі «Жалға алушы» деп аталатын «Ақтөбе облысының денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесінің шаруашылық жүргізу құқығындағы «Әйтеке би аудандық ауруханасы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорыны, Жарғы негізінде әрекет ететін, басшы Жайлыбаев Жамбул Ертаевич арқылы екінші тараптан төмендегі мәселелер туралы осы шартты жасасты.

1. ШАРТТЫҢ МӘН-ЖАЙЫ.

1.1. Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы №413-IV «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңының 74 бабын негізге ала отырып, осы шартқа сәйкес **Әйтеке би ауданының аумағындағы мектептердің медициналық кабинетін** пайдалану үшін **ақысыз** жалға беруші береді, ал жалға алушы алады.

1.2. Мүліктік жалдаудың шарты 2025 жылдың «14» сәуіріннен бастап 2028 жылдың «31» қыркүйегіне дейін жарамды деп есептеледі.

1. Әйтеке би ауданы, Ақтасты ауылы, Әйтеке би көшесі, №5 мекен жайында орналасқан, Абай жалпы орта білім беретін мектеп балансындағы ғимаратының жалпы көлемі 15,53 шаршы метр жайды;
2. Әйтеке би ауданы, Сарат ауылы, Жүргенов көшесі №2 мекен жайында орналасқан, Сарат мектеп-бөбекжай балабақша кешені балансындағы ғимаратының жалпы көлемі 12,6 шаршы метр жайды;
3. Әйтеке би ауданы, Комсомол ауылы, Кенесары көшесі №4 мекен жайында орналасқан, Комсомол жалпы орта білім беретін мектеп балансындағы ғимаратының жалпы көлемі 14,6 шаршы метр жайды;
4. Әйтеке би ауданы, Комсомол ауылы, Жүргенов көшесі №66 мекен жайында орналасқан, М.Жұмабаев атындағы жалпы орта білім беретін мектеп балансындағы ғимаратының жалпы көлемі 19 шаршы метр жайды;
5. Әйтеке би ауданы, Комсомол ауылы, Қ.Айтазин көшесі №16А мекен жайында орналасқан, Т.Жүргенов атындағы жалпы орта білім беретін мектеп балансындағы ғимаратының жалпы көлемі 29,9 шаршы метр жайды;

6. Әйтеке би ауданы, Талдысай ауылы, М.Сарбасов көшесі №34 мекен жайында орналасқан, Талдысай жалпы орта білім беретін мектеп балансындағы ғимаратының жалпы көлемі 15,7 шаршы метр жайды;
7. Әйтеке би ауданы, Ақкөл ауылы, Абай көшесі №1 мекен жайында орналасқан, Абай атындағы жалпы орта білім беретін мектеп балансындағы ғимаратының жалпы көлемі 17,1 шаршы метр жайды;
8. Әйтеке би ауданы, Аралтоғай ауылы, 50 жыл Қазақстан көшесі №1 мекен жайында орналасқан, С.Оразалин атындағы жалпы орта білім беретін мектеп балансындағы ғимаратының жалпы көлемі 16,4 шаршы метр жайды;
9. Әйтеке би ауданы, Жамбыл ауылы, Тынгерлер көшесі №3 мекен жайында орналасқан, Жамбыл жалпы орта білім беретін мектеп балансындағы ғимаратының жалпы көлемі 18,5 шаршы метр жайды;
10. Әйтеке би ауданы, Милы ауылы, Ы.Алтынсарин көшесі №1 мекен жайында орналасқан, Милы бастауыш білім беретін мектебі балансындағы ғимаратының жалпы көлемі 16,5 шаршы метр жайды;
11. Әйтеке би ауданы, Ұлғайсын ауылы, Сейсекенов көшесі №15 мекен жайында орналасқан, Б.Сейсекенов атындағы жалпы орта білім беретін мектеп балансындағы ғимаратының жалпы көлемі 14,7 шаршы метр жайды;
12. Әйтеке би ауданы, Қияқты ауылы, Молдағұлова көшесі №12 мекен жайында орналасқан, Қыналы негізгі орта білім беретін мектеп балансындағы ғимаратының жалпы көлемі 18,6 шаршы метр жайды;
13. Әйтеке би ауданы, Қарабұтақ ауылы, Алдабергенова көшесі №7 мекен жайында орналасқан, Т.Г Шевченко атындағы жалпы орта білім беретін мектеп балансындағы ғимаратының жалпы көлемі 14,3 шаршы метр жайды;
14. Әйтеке би ауданы, Қарабұтақ ауылы, Момышұлы көшесі №43 мекен жайында орналасқан, Қ.Шанғытбаев атындағы жалпы орта білім беретін мектеп балансындағы ғимаратының жалпы көлемі 15,9 шаршы метр жайды;
15. Әйтеке би ауданы, Еңбекту ауылы, Алдекешов көшесі №3/1 мекен жайында орналасқан, Еңбекту жалпы білім беретін орта мектеп балансындағы ғимаратының жалпы көлемі 16,6 шаршы метр жайды;
16. Әйтеке би ауданы, Белкопа ауылы, Қудайбергенов көшесі №34 мекен жайында орналасқан, Белкопа жалпы білім беретін орта мектеп балансындағы ғимаратының жалпы көлемі 12 шаршы метр жайды;
17. Әйтеке би ауданы, Талдық ауылы, Алдекешов көшесі №12 мекен жайында орналасқан, Талдық негізгі орта білім беретін мектебі балансындағы ғимаратының жалпы көлемі 14,5 шаршы метр жайды;
18. Әйтеке би ауданы, Аралтөбе ауылы, Былшық би, көшесі №28 мекен жайында орналасқан, Ж.Сарсенова атындағы жалпы білім беретін орта мектеп балансындағы ғимаратының жалпы көлемі 14,5 шаршы метр жайды;
19. Әйтеке би ауданы, Ұшқатты ауылы, Абай, көшесі №17 мекен жайында орналасқан, Ұшқатты мектеп-бөбекжай-балабақша кешені балансындағы ғимаратының жалпы көлемі 17,8 шаршы метр жайды;

20. Әйтеке би ауданы, Әйке ауылы, Д.Конаев көшесі №15 мекен жайында орналасқан, Әйке жалпы орта білім беретін мектеп балансындағы ғимаратының жалпы көлемі 11,7 шаршы метр жайды;
21. Әйтеке би ауданы, Тереңсай ауылы, Байганина көшесі №2А мекен жайында орналасқан, Тереңсай жалпы орта білім беретін мектеп балансындағы ғимаратының жалпы көлемі 18,6 шаршы метр жайды;
22. Әйтеке би ауданы, Сұлуқол ауылы, Қонаев көшесі №16 мекен жайында орналасқан, Сұлуқол жалпы орта білім беретін мектеп балансындағы ғимаратының жалпы көлемі 25,4 шаршы метр жайды;
23. Әйтеке би ауданы, Басқұдық ауылы, Ш.Иргизбаев көшесі, №2 мекен жайында орналасқан, Басқұдық жалпы орта білім беретін мектеп балансындағы ғимаратының жалпы көлемі 16,0 шаршы метр жайды;
24. Әйтеке би ауданы, Құмқұдық ауылы, Б.Бисенбаева көшесі, №1 мекен жайында орналасқан, Қарашатау жалпы орта білім беретін мектеп балансындағы ғимаратының жалпы көлемі 32,2 шаршы метр жайды;
25. Әйтеке би ауданы, Толыбай ауылы, Т.Жүргенов көшесі, №11 мекен жайында орналасқан, Толыбай жалпы білім беретін орта мектеп балансындағы ғимаратының жалпы көлемі 19,5 шаршы метр жайды;
26. Әйтеке би ауданы, Жабасак ауылы, Құлымбетов көшесі, 2 мекен жайында орналасқан, Жабасак жалпы орта білім беретін мектеп балансындағы ғимаратының жалпы көлемі 23,8 шаршы метр жайды;
27. Әйтеке би ауданы, Аққұм ауылы, Т.Жүргенов көшесі, 9 мекен жайында орналасқан, Аққұм негізгі орта білім беретін мектеп балансындағы ғимаратының жалпы көлемі 18,6 шаршы метр жайды;
28. Әйтеке би ауданы, Комсомол ауылы, Канахина көшесі №36 мекен жайында орналасқан, Комсомол жалпы орта білім беретін мектеп балансындағы ғимаратының жалпы көлемі 14,6 шаршы метр жайды;

2. ЖАЛҒА БЕРУШІНІҢ НЕГІЗГІ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ.

2.1. Жалға беруші өзіне келесідей міндеттемелерді қабылдайды:

2.1.1. Жалға алушыға 10 күн ішінде медициналық кабинеттерді баланс ұстаушы жалға алушының қатысуымен жасалған алым-берім актісі бойынша тиісті жайды (ғимаратты) билік ету құқығынсыз мүліктік жалдауға беруді қамтамасыз етеді.

2.1.2. Білім туралы заңының 48-бабына және ҚР ДСМ 14.03.2023 ж. №37 бұйрығының 3-тармағына сәйкес Жалға беруші білім алушыларға дәрігерге дейінгі және білікті медициналық көмек көрсетуге арналған жеке кабинет (бұдан әрі – медициналық пункт) бөледі және оны жинау мен техникалық күтіп-ұстауды қамтамасыз етеді.

2.1.3. Жалға беруші орталықтандырылған шаруашылық-ауыз сумен, ыстық сумен жабдықтау, су бұруды қамтамасыз етеді және оларды жарамды жағдайда болуын қамтамасыз етеді.

2.1.4. Жалға беруші ҚР ДСМ 05.08.2021 ж. № ҚР ДСМ-76 бұйрығына сәйкес желдету және ауа баптау жүйелерімен жабдықтауды; ағымдағы және күрделі жөндеуді; эпидемиологиялық қауіптілік дәрежесі бойынша ықтимал

қауіпті қалдықтарға жататын медициналық қалдықтар пайда болған кез оларды "Өндіріс және тұтыну қалдықтарын жинауға, пайдалануға, қолдануға залалсыздандыруға, тасымалдауға, сақтауға және қомуге қойылаты санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидалары бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 25 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-331/2020 бұйрығына сәйкес залалсыздандыруды және жоюды; медициналық кабинеттерде өндірушінің нұсқаулығына сәйкес қолдануға рұқсат етілген дезинфекциялау құралдарымен жабдықтар мен мүқәммалға санитариялық дезинфекциялық өңдеу жүргізуді; медициналық пунктті жарактандыруға арналған медициналық жабдықтар мен құрал-саймандардың ең аз тізбесімен қамтамасыз етуді жүзеге асырады.

2.2. Жалға беруші:

2.2.1. Мүліктік жалдау шартының орындалу жағдайын бақылау құқылы.

3. ЖАЛҒА АЛУШЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ.

3.1. Жалға алушы өзіне келесідей міндеттемелерді қабылдайды:

3.1.1. Алым-берім актісіне қол қойғаннан кейін 1.1. тармағына сәйкес жайды (ғимаратты) қолдану;

3.1.2. Жалға берушінің жазбаша рұқсатынсыз жаңадан жоспарлауға немесе сонда орналасқан коммуникациялар мен желілерді өзгертуге жол бермеу.

3.1.3. Жалға берушінің рұқсатынсыз қайта жалға беруге құқығы жоқ.

3.1.4. Жалға берушіні 1 ай бұрын жайды (ғимаратты) босатуы туралы хабарлау және орташа тозуды ескеріп, жарамды жағдайда алым-берім актісі бойынша тапсыру.

3.2. Жалға алушы:

3.2.1. Осы шартта көрсетілген мерзім біткенше, жалға берушіні 15 күн бұрын ескертіп, шартты бұзуға құқылы.

4. КЕЛІСІМ-ШАРТТЫ БҰЗУ ТУРАЛЫ.

4.1. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңдылығына сәйкес тараптардың келісімі бойынша;

4.2. Баланс ұстаушының жазбаша түрде сұрауы бойынша (өндірістің қажеттілік, штаттың көбеюі) жалға беруші бір жақты түрде, 30 күн бұрын алдын-ала ескерту жасап шартты бұзуға құқылы;

4.3. Қолданыстағы заң актілерінде және мүліктік жалдау шартында қарастырылған жағдайда, жалға алушының сұрауы бойынша;

4.4. Шарт бұзылған жағдайда, жалға алушы баланс ұстаушыға алым-берім актісі бойынша объектіні тапсыруға міндетті, осыдан соң шарт бұзылды деп есептеледі.

5. БАСҚА ЖАҒДАЙЛАР.

5.1. Осы шарт екі жаққа да қол қойған сәттен бастап бірдей міндетті болып табылады және күшіне енеді, 2028 жылдың «31» желтоқсанына дейін жарамды болып табылады.

5.2. Шарт 2 данада жасалды, олардың әрқайсысының заңды күші бар.

5.3. Осы шарттың орындалуы кезінде пайда болатын келіспеушіліктер екі жақтық келісім бойынша, болмаған жағдайда қолданыстағы заңнамаға сәйкес сот арқылы шешіледі.

5.4. Осы шартқа енгізілетін қосымшалар мен өзгертулер, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарына сәйкес, жазбаша түрде ресімделген және қол қойылған жағдайда, заң күші бар болып табылады.

5.5. Жалдау шартында көрсетілмеген жағдайлар бойынша екі жақ Қазақстан Республикасының заңдарын қолданысқа алады.

9. Тараптардың деректемелері мен қолдары

Жалға беруші

«Әйтеке би ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі

Ақтөбе облысы, Әйтеке би ауданы, Жүргенов ауылы, Жүргенов көшесі, 52

БСН 131040023057


БСК KKMFKZ2A

ЖСК KZ18070103KSN060600

Қазынашылық комитеті Астана қаласы ҚР КМ

Тел: 8-71-339-21-5-35

Білім бөлімінің басшысы

 Биртаева С.Б.

М.О.

Жалға алушы

«Ақтөбе облысының денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесінің шаруашылық жүргізу құқығындағы «Әйтеке би аудандық ауруханасы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорыны
Ақтөбе облысы, Әйтеке би ауданы, Жүргенов ауылы, Абылайхан көшесі 2


БСН 990240006109

БСК HSBKKZKX

ЖСК KZ396010121000161380

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ
Тел: 8-71-339-21-4-97

Басшы

 Жайлыбаев Ж.Е.

М.О.